


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



УДК 37 (1174)

**«ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ» ЖУРНАЛЫ МАҚАЛАЛАРЫНА ЖАЛПЫМАЗМҰНДЫҚ
СИПАТТАМА (ҚР МОМ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Ж.А. Орынбекова

ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорында сақтаулы «Әйел теңдігі» журналының бірнеше санына жалпымазмұндық шолу жасалады. XX ғ. басында Коммунистік партияның саясатын насихаттау, ақпараттық қолдау көрсету қажеттілігінен шығарылған әйелдерге арналған басылымдағы жарияланымдарға талдау жүргізіледі. Өзіндік бағыты, мәні, орны бар бұл басылымның әйелдер мәселесін жалпы саясат, шаруашылық, заң, денсаулық, әдебиет, сауаттылықпен ұштастырып отырғандығы қарастырылады.

Қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны, сауатсыздықты жою, ел ішіндегі ана мен бала өлімін азайту, заң жайындағы және басқа да түйінді сұрақтарды қозғаған мақалалар бөлім бойынша жүйеленіп талданады.

Заман сұранысына сай келелі міндеттерді орындауда әр салаға белсенді араласып, үлгі болған әйел тілшілердің мақалаларынан мысалдар келтірілген.

Мерзімді басылымдағы жарияланымдар қазақ тарихының дерек көзі ретінде сараланған. Қоғамда орын алған, өз кезінде болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің қазақ қоғамына әсерін көрсететін жарияланымдардың уақыт өте келе құнды деректердің көзіне айналатындығына ерекше назар аударылған.

Мақалада талдау жүргізілген тақырып бойынша материалдар жинақталған.

Аталған басылым араб әліпбиі қолданылған кезеңде жариялағандықтан, бұл мақала төте жазуды арнайы үйренбеген зерттеушілерге дереккөз іздеуде көмекші болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалада ҚР Мемлекеттік орталық музейі, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық мемлекеттік архиві материалдары, қазақ баспасөзінің тарихы туралы еңбектер, ғылыми жарияланымдар қолданылды.

Басылымдағы жарияланымдарға жалпы мазмұндық шолу жасалып, тақырып бойынша жүйеленіп, топтастырылды. Мақалалардың жанрлары, көлемі, таралымы зерттелді.

Тірек сөздер: мерзімді баспасөз, әйел теңдігі, қалың мал, сауатсыздықпен күрес, кеңес өкіметі, дереккөз.

Сілтеме жасау үшін: Орынбекова Ж.А. «Әйел теңдігі» журналы мақалаларына жалпымазмұндық сипаттама (ҚР МОМ материалдары негізінде) // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 68-73 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.07

**ОБЩЕЕ ОПИСАНИЕ СОДЕРЖАНИЯ СТАТЕЙ ЖУРНАЛА «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ»
(ПО МАТЕРИАЛАМ ЦГМ РК)**

Ж.А. Орынбекова

Центральный государственный музей РК (Казахстан)

Аннотация. В статье проведен комплексный обзор нескольких номеров журнала «Әйел теңдігі», хранящихся в фонде Центрального государственного музея Республики Казахстан. Проводится анализ публикаций в журнале, который издавался в связи с необходимостью пропаганды политики Коммунистической партии и оказания информационной политики в начале XX в. Это издание, имевшее свое направление и место, сочетало женские проблемы с общей политикой, экономикой, правом, здравоохранением, литературой и грамотностью.

Систематизированы и проанализированы по разделам статьи, посвященные месту казахских женщин в обществе, ликвидации неграмотности, снижению материнской и детской смертности в стране, правовым и другим ключевым вопросам.

Приводятся примеры из статей женщин-репортеров, которые активно участвовали в различных сферах и стали образцами для подражания в выполнении задач, отвечающих требованиям времени.

Публикации в периодических изданиях дифференцированы как источники по казахской истории. Особое внимание уделяется тому, что публикации, показывающие влияние социальных изменений на казахское общество, со временем станут источником ценных данных.

Собраны материалы по теме, анализируемой в статье.

Поскольку указанный журнал был опубликован в период использования арабского алфавита, эта статья станет помощником в поиске источника для исследователей, не имеющим специальной подготовки в письменности на основе арабской графики.

Материалы и методы исследования. В статье использованы материалы фондов Центрального государственного музея РК, Центрального государственного архива научно-технической документации, Национальной библиотеки РК, труды по истории казахской прессы, научные публикации.

Был сделан общий обзор содержания публикаций, систематизирован и сгруппирован по темам. Изучались жанры, объем, тираж.

Ключевые слова: периодическая печать, равенство, калым, борьба с неграмотностью, источник.

Для цитирования: Орынбекова Ж.А. Общее описание содержания статей журнала «Әйел теңдігі» (по материалам ЦГМ РК) // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 68-73. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.07

GENERAL CONTENT DESCRIPTION OF ARTICLES OF THE JOURNAL «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ/ WOMEN'S EQUALITY» (BASED ON MATERIALS OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)

Zh.A. Orynbeкова

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The article provides an overview of several issues of the journal «Әйел теңдігі/ Women's equality», which are stored in the funds of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The analysis of publications in the journal, which was published in connection with the need to promote the policy of the Communist Party and the provision of information policy in the early XX century. This publication, which had its own direction and place, combined women's issues with general politics, economics, law, health, literature and literacy.

The section analyzes and gives examples of articles on the place of Kazakh women in society, the elimination of illiteracy, the reduction of maternal and child mortality in the country, the law and other key issues.

Examples are given from articles by female reporters who actively participated in various fields and became role models in performing tasks that meet the requirements of the time.

The materials on the topic analyzed in the article are collected.

Since this publication was published during the period when the Arabic alphabet was used, this article will become an assistant in the search for sources for researchers who did not specifically learn how to write shortcuts.

Materials and methods of the research. The article uses materials from the collections of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, the Central State Archive of Scientific

and Technical Documentation, the National Library of the Republic of Kazakhstan, works on the history of the Kazakh press, scientific publications.

A general overview of the content of the publications was made, systematized and grouped by topic. Genres, volume, and circulation were studied.

Keywords: Periodical press, women's equality, the fight against illiteracy, Soviet power, source.

For citation: Orynbekova Zh.A. General content description of articles of the journal «Әйел теңдігі/ Women's equality» (based on materials of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan) // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 68-73. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.07

Кіріспе. Мерзімді баспасөз белгілі бір уақыт аясындағы тарихи оқиғаларды зерттеудегі бағалы дереккөз болып табылады. «...қарама-қайшылыққа толы, қазаққа әкелген қайғы-қасіреті мен қуанышы қатар күрделі ғасырдың сырын, өзімен қатарласа дүниеге келіп, ілесе дамыған қазақ баспасөзін тарихи дерек ретінде пайдаланбай ашу мүмкін емес» [Сағыбаева, 2010: 168] Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы «Әйел теңдігі» журналының 1928 жылы жарияланған 7 санына жалпымазмұндық шолу жасау кезінде өз кезінің куәсі болар деректерге жолықтық. Журналда жарық көрген материалдар араб әліпбиі қолданылған уақытта жарық көргендіктен, қоғам дамуының сол кезеңіндегі тәжірибелерін зерттеу мәселесінде құнды мағлұматтарды табуда, оқу, зерттеу кезінде арнайы төте жазуды үйренбегендер кедергіге кездесетін басылымдардың қатарына жатады.

Талқылау. XX-ғасырдың басында Кеңес өкіметінің орнығуымен елеулі саяси-әлеуметтік өзгерістер орын алды. РК(б)П Орталық комитетінің арнаулы қаулысында көрсетілген халықты біртұтас саяси жүйеге топтастыру жолындағы мақсат, міндеттерді жүзеге асыру, сондай-ақ, Қазақстан автономиялы республикасының 1920 жылы жариялаған қалыңмалға тиым салу туралы декретін көпшілікке түсіндіру мақсатында ел ішінде көшпелі қызыл отаулар, делегаттар жиналыстары ұйымдастырылды. Бұл кең ауқымды мәдени іс-шараларды насихаттау қажеттілігінен әйелдерге арналған баспасөз органын шығару мәселесі туындады. Коммунистік партияның саясатын жүргізуге ақпараттық қолдау көрсетіп, насихат қызметтерін атқарған мерзімді басылымдардың бірі – «Әйел теңдігі» журналы. Басылым туралы С.Смағұлова «журнал партия мен кеңес ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттерді насихаттау, қазақ әйелдері арасындағы саяси-тәрбие жұмысына, оларды елдің қоғамдық-саяси өміріне қатыстыру мәселесіне аса көңіл бөлді. Сондай-ақ, қазақ әйелдерінің тұрмыс-тіршілігі, қалыңмал, ағарту саласындағы жетістіктері мен кемшіліктері және тағы басқа әйелдерге қатысты тақырыптарды көтере білді», - деп көрсетеді [Смағұлова, 2011: 87].

Қыркүйек айында жарық көрген №9(33) санының мұқабасындағы «Өлкелік әйелдер бөлімінің тілі «Әйел теңдігі» журналына жазылыңыздар! Жауапты шығарушы: Есқызы Сара. «Әйел теңдігі» ай сайын үзбей шығып тұрады. «Әйел теңдігінде» жалпы саясат, әдебиет, шаруашылық, денсаулық, оқу, заң, әйелдер тұрмысы және басқа мәселелер туралы жазылады. «Әйел теңдігіне» Қазақстандағы партия, кеңес басшыларының, қаламы жүйрік жазушылардың, ақындардың мақалалары, өлеңдері басылып тұрылады. «Әйел теңдігін» әрбір партия, комсомол мүшелері, мұғалімдер, әйелдер арасында жұмыс істеушілер, өкіл әйелдер, оқушылар алдырып тұруы керек. «Әйел теңдігіне» жазылу бағасы Бір жылға...3 сом, 6 айға...1с.60 тиын, жеке саны... 50», - деп жақтаудың ішіне қалың ірі әріптермен берілген жарнама басылымның негізгі бағытын айқындап тұр [Әйел теңдігі, 1928: №9 (33)]. Мұқабада көрсетілген бойынша тиражы 1700 дана (№4(28)).

Журналдағы материалдар «Жалпы бөлім», «Біздің жұмысымыз», «Дені саудың жаны сау», «Әдебиет бөлімі», «Шаруашылық бөлімі», «Заң бөлімі» сияқты тұрақты

айдармен және «Өнер-білім табысы», «Тілшілер хатынан», «Қызметкер әйелдердің ескермелері», т.б. бөлімдерге топтастырылған.

Басылымның екі санында «Ресми бөлім» ашылып, «Жойылсын сауатсыздық» қоғамының барлық мүшелеріне Ашық хат, Өлкелік «Жойылсын қалың мал мен көп қатын алу» қоғамының Жол-жобасы жарияланған. Жобада қоғамның мақсаты мен міндеттері, құрылысы, қоры, тексеру комиссиясы, съезд, конференциялары, баспасөзі, қоғам мүшелерінің құқы мен міндеттері берілген.

«Әйел теңдігінің» алғашқы редакторы Сара Есова «Жалпы бөлімде» сол кездегі негізгі саяси-әлеуметтік мәселелерді көтерді. «Жазғы жұмыстарымыз жайында» (№7(31), «Әйелдер бөлімінің 10 жылдығына» (№9(33), «Әйелдерді басты қызметке қою туралы» (11(35), «Әйелдер бөлімінің өлкелік мәжілісіне» (№12(36), «Орындардан жұмыс күттік» (№9(33) тақырыптағы мақалаларында мәдени өркендеу, заман тудырған мәселелерді шешу жолындағы міндеттерді орындау, оның нәтижелеріне көңіл аударды. Соны дүниені тануға талпынған қайратты әйел ретінде үлгі болған Сара Есова журналдың №11(35) санында «Үш кезең (есте қалғандардан)» мақаласын жариялаған. Өз өміріндегі өзгеріс әкелген маңызды кезеңдердің біріншісі - 1920 жылы Ақмешіттегі қазақ-татар мектебінде оқытушы болып жүрген кезінде әйелдер арасындағы жұмысқа араласуының қалай басталғаны туралы естеліктерінен бастайды. Сол жылы Ташкентте өткен Аймақтық әйелдер съезіне өкіл болып барғанын «Бұл майдың басы еді. Съезд ашылды. 300-ге жуық әйел келген. Соның ішінде Түркістанның 7 облысынан келген 13-ақ жергілікті әйелдер бар. Қазақтан жалғыз мен. Съездің қараған мәселелері партияның әйелдер арасындағы істейтін жұмысы, ана мен баланы қорғау, халық ағарту, мектеп жұмысы, мұсылман әйелдерінің арасындағы жұмыс туралы еді», - деп еске алады [Әйел теңдігі, 1928: №11 (35), 33]. Сол жолы съезд Әйелдер бөлімінің жанында мұсылман әйелдері арасында қызмет жүргізетін айрықша бөлім болу керек деген қаулы шығарады. «Съезден келгесін партия комитеті мені осы бөлімге қызметке алды. Ол кезде партияда жоқ едім, жұмысқа араласып, түсіне бастағасын, партияға түсу керектігін ұқтым», - деп партия қатарына қабылдануы жайлы баяндайды [Әйел теңдігі, 1928: №11 (35), 33]. Екінші кезең деп 1921 жылды «Ол кез ашаршылық, жұт кезі еді. Елдің шаруасы шайқалып, малы апатқа ұшырап, бүліншілікке түскен кезі еді. Жұрттың көбінің ойлайтыны қара басы, тамағының қамы болушы еді» деп еске алады.[Әйел теңдігі, 1928 : №11 (35),34]. Сол қиыншылыққа қарамай, Ырғызда 50 өкіл әйелдер қатысқан жиылыс ашып, «Кеңес өкіметі әйелге теңдік беріп, әйелді күн өмірінен азат ететінін» түсіндіреді. Үшінші кезеңде 1923 жылы «жер жүзі әйелдерінің ұлы мейрамы марттың 8-ін» мерекелеген әйелдердің қуанышты көңілдері, Коммунистік партияға нық сенімдері суреттелген.

Заман сұранысына сай келелі міндеттерді орындауда тілші де, мұғалім де, насихатшы да болып қоғамдағы әйелдер мәселесіне белсенді араласқандардың алдыңғы қатарында болған Нағима Арықованың «Кемшіліктеріміз сыналсын», «Қалың мал жойылсын» қоғамы туралы», «Ауданда өкіл әйелдер сайлау науқанында» деген мақалалары жарияланған. Онда әйелдердің тұрмысын оңдауға қандай себептер бөгет болып отыр, мәдениет майданындағы міндеттер, мәдениет мәселесі сияқты өз уақытындағы өзекті мәселелерді қозғайды [Әйел теңдігі, 1928: №7(31), №8(32), №9(33)].

Ескілік шырмауынан шыға алмай отырған әйелдердің қоғам өміріне кірісуін, қызығушылығын арттыру мақсатында №12(36) санында «Қызметкер әйелдердің ескермелері» бөлімінде Көлбайқызы Базиланың «Әйелдер арасындағы жұмысқа қалай араластым», Сақыптың «Өмір тарихым», Қисаметтинқызының «Жұмысқа араласуым» мақалалары жарияланған.

Ол жылдары саясат бойынша баспасөз ісі кеңестік-партиялық насихатқа бағындырылды, қыз-келіншектер арасынан белсенділер дайындалды. Енген өзгерістер қазақ қыздары мен әйелдерінің әлуетті мүмкіндіктерінің кеңеюіне әкелді. Т.Қожакеев «Әйелдер тіршілігі туралы әйелдердің өздері жазып, пікір білдіруі тәжірибеге енді. Қазақ

әйелдерінің арасында қаламға икемі барлар, үйретсе, баспасөз жұмысына бар ынтасын салатын әйелдер бар екені көрінді», - деп көрсетеді [Қожакеев, 1991: 9]. Олардың көпшілігі маңызды мамандықтарды таңдап, кеңес жұмысына араласып, нәтижелерін басылымдарда жариялап отырғандығы журналдың «Біздің жұмысымыз» тұрақты айдарында көрініс тапқан. Бұл айдар жергілікті өмірді кеңінен көрсете бастады. Елдің әр өңірінен тілшілер әр саладағы жағдайлар жайында материалдар беріп отырды. «Әйелдер белсенділік көрсетті» (№11(35), «Ауыл әйелдерінің белсенділігі өсіп келеді» деген қуанышты жаңалықтармен қатар «Іскерлік көрсетпеді» (№9(33), «Әйелдер жұмысына көмек аз» (№12(36), «Қызыл отаудағы кемшіліктер» (№11(35) сияқты ренішті жағдайларды батыл көтере білді. Осы санындағы «Биыл марттың 8-і көңілді өтті» деген арнайы айдарында Керекуден, Әулиеатадан, Жұбалы болысынан, Арыстан, Қызылорда уезінен жіберілген тілшілердің хабарламаларында атаулы күнді «ұлы мерекедей болды», «әйелдер қуанып тарқады» деп көтеріңкі көңілмен өткізгені көрсетілген.

Аталған басылымның №11(35) санындағы «Заң бөлімінде» Досқайыр Бабасұлының «Қазақ әйелін азаттыққа жеткізу жөнінде заң жүзінде не істелді» атты көлемді мақаласы жарық көрген. Мақалада мәліметтер, цифрлар көп келтірілгендіктен, әйелдер мәселесін зерттеушілер және тарихшылар үшін пайдалы дереккөз екені анық. «Қазақ әйелін азаттыққа жеткізу жөнінде заң жүзінде істелген іс үш түрге бөлінеді: 1.Әйел азаттығы жөнінде қандай заңдар шығарылды. 2.Әйел азаттығы жөнінде шығарылған заңдар сот мекемелерінде қалай орындалды. 3.Заңды орындау ісіне қазақ әйелінің қатысы қаншалық болды» - деп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталады [Әйел теңдігі, 1928: №11 (35)].

«Дені саудың жаны сау» - басылымдағы жетекші бөлімдердің бірі. «Жедел жәрдем» мақаласында иіс тию, суға кету, тұншығу, жылан шаққанның, күн өткеннің емі, оған алғашқы көмек көрсету жолдары айтылса, жұқпалы аурулардан сақтану туралы «Қызамық», «Баланың жұқпалы аурулары», «Безгек», «Қышыма қотыр», «Қызылша» деген атаулармен дәрігерлердің кеңестері берілген.

«Әйел теңдігі» өз заманындағы саясаттағы, қоғамдағы, мәдени саладағы жаңалықтар мен өзгерістерді жариялаумен ғана шектеліп қалмай, әдеби шығармаларды көпшілікке жеткізу сияқты игі істер атқарды. «Әдебиет бөлімінде» қаламгерлердің туындыларын тұрақты түрде халық арасына таратты. Жанақ деген бүркеншік атпен Ж. Аймауытовтың «Ақ білек» романы (№4(28), №9(33), Б.Майлиннің «Раушан-коммунист» (№4(28), «Ел күйеуі» (№12(36) шығармалары жарияланды. Қазақ әйелдері жайлы әңгімелер мен өлеңдер басылды.

Журналдың соңғы бетерінде үйренушілер үшін «Жаңа әліппе сабағы. Қазақстан орталық жаңа әліппе комитеті қабылдаған латынша дыбыс таңбалары», «Латыншылар конференциясы қабылдаған қазақтың жаңа әліппесі», «Латын сабағы» беріліп отырған.

Мерзімді баспасөз партия ұйымына үлкен саяси науқандарды жүргізуге көмектесті. «Әйел теңдігі» журналының жарияланымдары өзектілігімен, қоғамдық-саяси мәселелерді өз уақытында көтере білуімен ерекшелінді. Халық арасында өзінің саяси ұстанымы, әлеуметтік мәні, орны бар мерзімдік басылым болды.

Қорытынды. Жиырмасыншы жылдардағы басылымдарға ортақ, яғни сол кезеңнің деңгейіне сәйкес кемшіліктер – көркемдік, техникалық безендірілуі мен сауаттылығының төмен болуы, жаңалықтарды жалаң түрде жариялау, білікті мамандардың жетіспеуі «Әйел теңдігі» журналына да тән болды.

Уақыт тезіне түсіп, сарғайған журналды парақтап отырып, әйелдің отбасында ғана емес, қоғамның өсіп-өркендеуінде, мәдениетті қалыптастыруда, баспасөз ісінің дамуында қосқан елеулі үлесін көруге болады. Журнал Кеңес заманы басталған кезеңде ел ішінде сауатсыздық, қалың мал алушылық және басқа да саяси-әлеуметтік мәні терең мәселелермен жүргізілген күресті, оның нәтижелерін, әлеуметтік күйін, тұрмысын көрсеткен куәгер. Жарияланған мақалалар сандар мен фактілерге бай болған себепті алғашқы деректер деп есептеуге болады.

ӘДЕБИЕТ

Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 192 б.

Қожакеев Т. Жыл құстары. Алматы: Қазақстан, 1991. 236 б.

Қозыбаев С. Рамазанова А. Аллаберген Қ. Әлем баспасөзі тарихынан. Алматы: Санат, 1998. 256 б.

Нұсқабайұлы Ж. Аллаберген Қ. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. Алматы: Рауан, 1997. 256 б.

Сағыбаева З. Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы. Кандидат. диссер. Алматы, 2010. 168 б.

Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж). Алматы: Елтаным, 2011. 432 б.

REFERENCES

Atabayev K. Periodical as a source of the history of Kazakhstan in the late XIX-early XX centuries. Monograph. Almaty: Kazakh University, 1998. 192 p. (In Kazakh)

Kozhakeev T. Birds of The Year. Almaty: Kazakhstan, 1991. 236 p. (In Kazakh)

Kozybayev S. Ramazanova A. Allabergen K. from the history of the World Press. Almaty: Category, 1998. 256 p. (In Kazakh)

Nuskabayuli Zh. Allabergen K. ancient publications. Valuable data. Dear names. Almaty: Rauan, 1997. 256 p. (In Kazakh)

Sagybayeva Z. Journalistic heritage of Kazakh women. Candidate. disser. abstract. Almaty, 2010. 168 p. (In Kazakh)

Smagulova S. Kazakh Periodical Press: history of origin and source significance (XX century 20-30). Almaty: Eltanym, 2011. 432 p. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Орынбекова Жанна Аманғазықызы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қор сақтаушысы (050051, Алматы қ-сы, Самал-1/44, Қазақстан), E-mail: jorynbekova@mail.ru

Сведения об авторе: Орынбекова Жанна Амангазиновна – хранитель фонда Центрального государственного музея РК (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан), E-mail: jorynbekova@mail.ru

Information about the author: Zhanna A. Orynbekova – Curator of the Fund of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (050051, Almaty, Samal-1/44, Kazakhstan), E-mail: jorynbekova@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 26.08.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 28.08.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 04.09.2024.